

Курстық жұмыс

Тақырыбы: Қазақстандағы педагогиканың тарихы



Ғылыми жетекші: Ташиева Э.А
Орындаған: Дүнгенбай.А.Т

Зерттеу жұмыстың өзектілігі:

Қазақтың тәрбие мектебі — ақын-жазушылар мен билердің өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды.

Халықтың осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізді, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды.

**Зерттеу жұмыстың
мақсаты:**

**Қазақстан
педагогикасы
ның
тарихының
даму
кезеңдерін
анықтау.**

Зерттеу жұмыстың міндеттері:

- Ежелгі және орта ғасырлық педагогикалық ойларды талдау;
- Қазақ хандығы тұсындағы тәлім тәрбиенің ерекшелігін қарастыру;
- Ресей отаршылдығына қарсы қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар және ағартушылық-демократиялық идеялардың өркен жаюын зерделеу;
- Кеңестік дәуірдегі қазақ педагогикасының ғылым ретінде дамып қалыптасуына талдау жасау;
- Тәуелсіздік жылдарынан кейінгі Қазақстан педагогикасының даму ерекшелігін көрсету.

Қазақ халық педагогикасының тарихын адамзат дамуының қоғамдық құрылыс кезеңдеріне сай, біздің ойымызша, 8 кезеңге бөліп қарастыру қажет демекпіз. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңі тапсыз қоғам болды. Адамдар өздерінің іс-әрекеттерін көпшілік болып топтасып, бірге атқарып отырған. Мұндағы тәрбие жас пен жыныс ерекшеліктеріне қарай қоғамдық сипат алды. Ұл балалар садақ тарта білді, аң аулауға көмектесті, қыз балалар үй жұмыстарына араласты, киім пішті, тұрмыстық салт-дәстүрлердің рәсімдеріне қатысты. Алғашқы адамдар Қазақстан территориясының Арпаөзен, Қаратау, Тәңірқазған, Шарбақты және Ұлытау өңірлерін мекен еткен[2].

Сақ тайпасы

- Сақтар біздің жыл санау дәуірімізге дейінгі VII-III ғасырлар аралығында, қазіргі Орта Азия мен Қазақстан территориясын мекендеді. Металл өңдеп, әлемдік маңызы зор “скифский звериный стиль” атты зергерлік бұйымдар, қару-жарақтар мен киімдер жасай білген. Жылқы жануарын өте қатты қадірлеген, мал баққан. Осы тұрмыс-тіршіліктерге байланысты, сақтар өз ұрпақтарын дене, еңбек және эстетикалық тәрбие принциптері негізінде тәрбиелеп өсірген. Сол замандарда өмір сүрген, Тәңір дінінің негізін салған данышпан Заратуштра сақтар мен парсыларға ортақ әлемдегі тұңғыш “Авеста” кітабын жазған.

Ғұн тайпасы

- Ғұндар б. д. д. III ғасыр мен біздің дәуіріміздің I-II ғасырлары аралығында сақ тайпалары мекендеген территорияның мұрагерлері болды. Сол кезеңдердегі үйсін, қаңлы, жу-жу, дунку тайпалары ғұн империясының құрамына кірді, ғұндар металл игерді, мал шаруашылығымен айналысты. Бірақ олардың ең негізгі кәсібі әскери-жауынгерлік өнер еді. Олар өздерінің ұрпақтарын ер жүрек, алғыр, епті болуға және зергерлік бұйымдар жасауға тәрбиеледі.

Қазақтың халық педагогикасының ең алғашқы іргетасының қалана бастауына негіз болған Асанқайғының, Мұхаммед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетей, Сыпыра, Доспамбет, Бұқар, Жиёмбет, Марғасқа т.б. көптеген ақын-жыраулардың шығармаларын атап өткен жөн (39). XV-XVII ғасырларда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының поэзиясынан ғасырлар сырын, халықтың салт-дәстүрін, ой-арманы мен тілек мақсатын айқын аңғарамыз. Өйткені, жыраулар толғауларынан халықтың небір нәзік сырлары, мұң-мұқтажы, ой-толғанысы, қуаныш-сүйініші, келер ұрпаққа айтар өнегелі өсиеті өзекті орын алған. Яғни, олар халықтың тәлім-тәрбие мектебінің ұлағатты ұстаздарының рөлін атқарды.

Ахмет
Жүгінекидің
“Ақиқат
сыйы”

Жүсіп
Баласағунид
ың “Құтты
білік”

Хорезмидің
“Мухаббат
Нама”



Махмұт
Қашқаридің “Түркі
сөздерінің
түсіндірмесі”

Қожа Ахмет
Яссауидің
“Диуани
хикмет”

Қазақтың халық педагогикасы

1. Қазақ ауызекі шығармашылығындағы тәрбие мазмұны, ұлттық ойындар; мақал-мәтелдер; жаңылтпаштар; жұмбақтар; шешендік сөздер; ертегілер; аңыз әңгімелер; батырлар жыры; эпос; айтыс

2. Қазақ музыкалық шығармашылығындағы тәрбие мазмұны: халық әндері; халық күйлері

3. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнеріндегі тәрбие мазмұны: дәстүрлі қолданбалы өнер ою-өрнектер

4. Салт-дәстүрлердегі тәрбиелік мазмұн: бала тәрбиесіне байланысты; тұрмыс-салт; ата кәсіп; әлеуметтік-мәдени

5. Жыраулар мен билердің, шешендердің шығармашылығындағы тәрбие мазмұны

Кесте 1 – Қазақ педагогика ғылымының қалыптасуы мен даму кезеңдері

Қазақ жеріндегі алғашқы педагогикалық ой-пікірлер

1. Еуразия даласындағы алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі тәрбие

2. Еуразия құрлығындағы Сақ империясы дәуіріндегі тәлім-тәрбие

3. Ғұн империясы мен Үйсін-Қаңлы мемлекет дәуіріндегі тәлім-тәрбие

4. Таяу және Қиыр Шығыс ежелгі мемлекеттерінің бірі – Шумер тәлім-тәрбиесі мен мектептері

5. Ұлы Түркі қағанаты және оның тәлімдік-танымдық мұралары - Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі (Күлтегін, Тоныкөк) тәлім-тәрбиелік ойлар, Қорқыт тағылымдары (VI-IX ғ.ғ.)

**Қазақ педагогика ғылымы
әлемдік педагогиканың құрамдас
бөлігі**

1. Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари педагогикалық ілімдері (IX-XI ғ.ғ.)

2. А.Иүгінеки, Қ.А.Иассауи, С.Бақырғани, Р.Хорезми, С.Сарай педагогикалық ілімдері (XII-XIV ғ.ғ.)

3. Ө.Тілеуқабылұлы, М.Х.Дулати, Қ.Қ.Жалайыр, т.б. педагогикалық ілімдері (XV-XVIII ғ.ғ.)

4. Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, т.б. педагогикалық ілімдері (XIX-XX ғ.ғ.)

5. Кеңестік дәуірдегі педагогика ғылымы С. Торайғыров, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С. Сейфуллин, М.Әуезов, т.б.С.Балаубаев, Р.Г. Лемберг, Қ.Бержанов

6. Қазіргі кездегі қазақ педагогика ғылымындағы теориялар (1991 ж. кейінгі кезең)

Ұзақ ғасырлардан бері келе жатқан қазақ педагогикасының қоғамдық өмірдің қажеттілігіне айналуына бағытталған туындылар: М. Жұмабаевтың “Педагогика”, А. Байтұрсыновтың “Оқу құралы”, “Сауат ашқыш”, “Тіл құралы”, “Ж. Аймауытовтың “Тәрбиеге жетекші”, “Психология” атты еңбектері, С. Көбеевтің, Н.Құлжанованың, М.Әуезовтің, М. Дулатовтың, Қ.Жұмалиевтің, Е.Смайыловтың, М. Ғабдуллиннің, Ә.Марғұланның т.б. шығармалары жас ұрпақтың бойына ұлттық сана-сезім көзқарасын қалыптастырды.



ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде қай дәуірде болмасын педагогика, психология ғылымдары саласында М.Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың, Ш.Әлжановтың, Р.Г.Лембергтің, А.П. Нечаевтың, И.Л.Стычинскийдің, Т.Тәжібаевтың, Ә. Сембаевтың, Ә.Сыдықовтың, Қ.Бержановтың, Е.Суфиевтің, А.Темірбековтің, А.Асылбековтың, Қ.Б.Жарықбаевтың, Т. Сабировтың, К.Құнантаеваның, М.Мұхановтың, А.Мәдиннің, С.Мусиннің, Ә.Б.Сейтешевтің, Т.А.Умановтың, Н.П. Хмельдің, Қ.Б. Жарықбаевтың, А.Көбесовтің т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері педагогика тарихының қалыптасып, дамуына мол септігін тигізген еңбектер болды.



**ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**